

**Сатыбаев Берик Гариполлиевичтің 8D09101-Ветеринариялық медицина білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Батыс Қазақстан облысындағы аралардың жиі кездесетін инфекциялық, инвазиялық аурулары және олармен күресу шаралары» тақырыбында орындалған диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің жазбаша пікірі**

Р/н №	Өлшем шарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);</p> <p>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);</p> <p>3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</p>	Сатыбаев Берик Гариполлиевичтің диссертациялық жұмысы АР23489173 «Батыс Қазақстан облысында аралар ауруларына қарсы ветеринарлық-санитарлық шаралар кешенін және экологиялық таза ара шаруашылығы өнімдерін алу технологиясын әзірлеу» тақырыбындағы (2024-2026 жж.) жоба бойынша орындалған.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады. Зерттеу жұмысы барысында бірқатар жаңашылдықтар қарастырылған. Докторант Б.Г. Сатыбаев өзінің ғылыми жұмысында Батыс Қазақстан облысы омарта шаруашылықтарында ара ауруларының таралуын зерделеп, оларды емдеу мен алдын алуда өсімдік негізіндегі дәрілік препараттың тиімділігін қарастырған.
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <p>1) жоғары;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) төмен;</p>	Докторанттың диссертациясын орындалуы жоғары сипатта жазған. Диссертация жұмысында зерттеуге ұсынылған негізгі мәселелер толық қамтылған, мазмұнды,

		4) өзі жазбаған.	жүйелі, орындалу реттілігін сақтай отырып жазған. Орындалған жұмыста бірізділік сақталған.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертация өзектілігі негізделген. Соңғы уақыттарда әлемдік және отандық тәжірибеде дәрілік өсімдіктерден емдік препараттарды дайындау ғылыми тұрғыда қызығушылықты арттыруда. Бүгінгі күні ара шаруашылығында бірқатар өзекті мәселелер байқалады. Атап айтқанда, варроатоз, нозематоз, аскофероз және американдық шірік сияқты аурулардың таралуы ара отбасыларының әлсіреуіне, өнім көлемінің азаюына және экономикалық шығындардың өсуіне себеп болуда. Осыған байланысты ара ауруларын дер кезінде анықтау, олардың алдын алу мен тиімді емдеу жолдарын жетілдіру, сондай-ақ экологиялық тұрғыдан қауіпсіз өнім өндіру технологияларын дамыту – қазіргі кезеңдегі маңызды ғылыми әрі тәжірибелік міндеттердің бірі болып табылады. Докторант өз жұмысында омарта шаруашылықтарында аралар арасында кездесетін инфекциялық және инвазиялық ауруларды емдеу мен алдын алуда өсімдік негізіндегі препаратты ұсынған. Препараттың емдік тиімділігі зертханалық және шаруашылық жағдайындағы зерттеулермен көрініс тапқан.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Диссертация мазмұны диссертацияның тақырыбын толық айқындайды, яғни, зерттеу жұмысындағы барлық міндеттердің толыққанды орындалғандығы айғақ.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:	Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері тақырыпқа сай келеді.

	<p>1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.</p>	
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) <u>толық байланысқан</u>; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.</p>	<p>Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан. Зерттеу бөлімдерінде Батыс Қазақстан облысындағы ара шаруашылықтарының варроатоз, нозематоз, аскосфероз және америкалық шірік бойынша эпизоотиялық және ветеринариялық-санитариялық жағдайын бағалау, омарта шаруашылықтарында ара отбасыларының әртүрлі ауру қоздырғыштарымен залалдану деңгейін анықтап, микроскопиялық және молекулалық-генетикалық зерттеулер арқылы патогендердің түрлік идентификациясы жүргізілген, ауруға шалдыққан омарталарды сауықтыру үшін дәрілік өсімдіктер негізінде жаңа жоғары тиімді фитопрепарат әзірленіп, оның фармакологиялық қасиеттері мен онтайлы терапевтік дозасын анықталған, ара ауруларының алдын алу және оларды жою мақсатында ветеринарлық-санитарлық, емдік-профилактикалық шаралардың кешені дайындалып, ғылыми негізделген ұсынымдар әзірленіп, қорытындылар алынып, мағыналық және реттілік сипаты сақталған.</p>
	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар</u>; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.</p>	<p>Докторант ұсынған жұмыста жаңа шешімдер дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырмалы сипатта бағаланған. Диссертациялық жұмыста ғылыми әдебиеттер және жарияланымдарға сілтемелер жасалып, зерттеу тақырыбымен өзара байланыстағы сыни талдаулар келтірілген.</p>

5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Ғылыми нәтижелер толығымен жаңа. Докторант зерттеу нәтижесі бойынша нарықта қолжетімді қарапайым құрамдағы, дайындалу технологиясы күрделілікті талап етпейтін, емдік тұрғыда тиімді, аралардағы инвазиялық сипаттағы ауруларға қарсы әсерге ие жаңа препаратты ұсынған.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Докторанттың ғылыми жұмысының қорытындылары жаңа сипатта.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) <u>ішінара жаңа</u> (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Ішінара жаңа.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негізделмеген</u> (qualitative research (қуолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген. Зерттеу жұмыстарының нәтижелері докторантпен жарияланған ғылыми мақалаларда көрініс тапқан.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) <u>дәлелденді</u> ; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	Диссертациялық жұмыс бойынша алынған нәтижелер дәлелді. Тривиалды емес. Бұған дәлел жарияланған мақалалар. Зерттеу жұмыстарының қолданылуы деңгейі кең көлемде. Зерттеу нәтижелері бойынша ғылыми және оқу үрдісіне енгізу актілері толықтай жасалған.
		7.2 Тривиалды ма? 1) <u>ия</u> ; 2) <u>жоқ</u> ;	

		<p>3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) ия; 2) жоқ.</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ.</p> <p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен</p>	<p>Диссертациялық жұмыста қолданылған әдістемелер нақтылы авторлармен ұсынылған дәлелді әдістерге негізделген. Зертханалық және тәжірибелік зерттеулердің әрбір бөлімдері нақты ұсынылған әдістемелік нұсқауларға, ережелерге, заңдылықтарға сай орындалған.</p> <p>Ғылыми жұмыстың статистикалық мәліметтері заманауи цифрлық бағдарламалар негізінде орындалған. Зертханалық, клиникалық зерттеулер мен дәрілік препаратты дайындау технологиясын игеруде бірқатар заманауи құрылғылар қолданылған.</p> <p>Теориялық қорытындылар, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар тәжірибелік зерттеулермен дәлелденген және расталған.</p>

		дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) <u>ия</u> ; 2) <u>жоқ</u> .	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған.	Диссертациялық жұмыста отандық ғалымдардың, шетелдік ғалымдардың жұмыстарына толықтай сілтемелер жасалған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u> /жеткіліксіз.	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Зерттеу жұмысына 171 ғылыми әдеби көздер қолданылған.
9.	Практикалық кағидаты	кұндылық	
		9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) <u>бар</u> ; 2) <u>жоқ</u> .	Диссертациялық жұмыстың теориялық маңызы оқу үрдісіне ұсынылған актілермен көрініс тапқан.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>ия</u> ; 2) <u>жоқ</u> .	Зерттеу жұмысының тәжірибелік маңызы бар. Дәрілік өсімдіктер негізіндегі дайындалған дәрілік препарат шаруашылық жағдайда қолдануға өте ыңғайлы, әртүрлі қолдану тәсілдерінде де емдік тиімділігі жоғары екендігін дәлелдеді.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) <u>ішінара жаңа (25-75% жаңа)</u> ; 3) <u>жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем)</u> .	Практикалық ұсыныстары толығымен жаңа. Зерттеуде келесідей ұсыныстар қамтылған: - Аралар мен аналықтарды тек ветеринариялық құжаттары бар сенімді жеткізушілерден сатып алып, оларды міндетті түрде ветеринариялық бақылаудан өткізіп, кемінде 30 күн карантинде ұстау қажет; - Рұқсатсыз сауданы болдырмау, көктем-күз мезгілдерінде жоспарлы диагностикалық зерттеулер жүргізу маңызды. Сонымен қатар, тұрақты азықтық базаны қалыптастыру, химиялық препараттарды шектеу, табиғи қоспалар арқылы иммунитетті күшейту және санитариялық-гигиеналық талаптарды сақтау;

			<p>- Өңірлік деңгейде эпизоотиялық жағдайды бақылау үшін ветеринариялық қызмет пен жергілікті атқарушы органдар бірлесіп, ара шаруашылығы мен өнімдеріне тұрақты мониторинг жүргізуі тиіс;</p> <p>- Зерттеу нәтижелерін оқу процесіне енгізу (Жәңгір хан атындағы БҚАТУ, БҚИТУ және БҚИТК базасында) мамандар даярлау сапасын арттыруға мүмкіндік береді.</p>
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) жоғары;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) орташадан төмен;</p> <p>4) төмен.</p>	<p>Академиялық жазу сапасы – жоғары. Ізденушінің ғылыми жұмысында академиялық адалдық сақталған. Әрбір қолданылған әдеби көздерге толықтай сілтеме жасалған.</p>
11.	Диссертацияға ескертулер		<p>Диссертациялық жұмыс мазмұнды, жүйелі, толыққанды жазылған. Айқын көрінетін, зерттеу нәтижелерінің сипатын төмендететіндей қателіктер байқалмады.</p>
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		<p>Жарияланған ғылыми мақалалардың сипатына тоқталсақ, келесідей талдаулар ұсынылады. Scopus дерекқорындағы мақаласы:</p> <p>-« Therapeutic Efficacy of Phytopreparation for the Prevention and Treatment of Varroosis and Nosemosis of Honey Bees in Western Kazakhstan» (International Journal of Agriculture and Biosciences.-2025, 14(6): 1168-1177. Процентиль – 67) атты мақалада шетелдік авторлардың еңбектеріне сілтемелер толық жасалған.</p> <p>ҚР ҒЖБ министрлігінің ҒЖБ саласында сапаны қамтамасыз ету комитетімен</p>
			<p>ұсынылған журналдардағы мақалаларында ара ауруларының таралу сипаты, клиникалық, зертханалық, өндірістік зерттеулері,</p>

			препараттың емдік тиімділігі сипатталған және зерттеу бөлімдеріне толық сай келеді.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Сатыбаев Берик Гариполлиевичтің «Батыс Қазақстан облысындағы аралардың жиі кездесетін инфекциялық, инвазиялық аурулары және олармен күресу шаралары» тақырыбында орындалған диссертациялық жұмысының ғылыми және тәжірибелік маңыздылығы жоғары. Ұсынылған жұмыстың авторы 8D09101-Ветеринариялық медицина білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

**Ресми рецензент:**

«Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті»  
КеАҚ, ветеринария ғылымдарының кандидаты,  
«Биологиялық қауіпсіздік» кафедрасының  
қауымдастырылған профессоры



Г.Е.Турганбаева

Г. Е. Турганбаеваның қолын растаймын

Бас Ғылыми хатшы

мерзімі «05» сәуір 2026 жыл



У.К.Керимова